У 2018
1039к

Кенжебай БЕКПАЕВ

# Самал боп, сағынышым, кел, кел, маған







Кенжебай БЕКПАЕВ

# Самал боп, сағынышым, кел, кел, маған

*Фортепиано мен дауысқа арналған вокалдық шығармалар*
*№ 15 жинағы*

Астана 2010

УДК 78
ББК 85.31
Б 42

Б42 **Кенжебай Бекпаев.** Самал боп, сағынышым, кел, кел, маған
Фортепиано мен дауысқа арналған вокалдық шығармалар
№ 15 жинағы- Астана, 2010. - 20 б.

ISBN 9965-881-21-9

Кенжебай Бекпаев республикамыздың бірқатар өңірлерінде жәнс Ресейде әндері орындалып жүрген тынымсыз да ізденімпаз ағаларымыздың бірі.

«Самал боп, сағынышым, кел, кел, маған» атты он бесінші әндер жинағы да осыған дәлел. Кенжсбай ағамыз қазақ ақындарымен қатар, орыстың ұлы ақындары А.Пушкин, А.Блок, И.Бунинның сөздеріне романстар жазып келеді.

Аталмыш жинақтағы әндерге Тұманбай Молдағалиев, Қанипа Бұғыбасва, Зайда Елгондинова, Дүйсенбек Қанатбаевтың шығармалары арқау болған.

Әр тақырыптарға қалам тартқан ағамыздың әндері «Ак түн», «Мұнаймашы», «Балам менің», «Самал боп, сағынышым, кел, кел, маған» деп аталады.

Ән иірімдері өзгеше өрбіп, сазгердің өзіндік қолтаңбасын танытады. Музыкалық редакторы Владимир Шевченко да көп жылдық шығармашылық қатынастың арқасында сазгердің стилімен жақсы таныс және фортепианолық сүйемелдеуде әндердің мағынасы мен ішкі сезімін ашуға тырысқандығы байқалады.

Жинақ өте кажет және сұраныска ие болады деп сенемін. Кенжебай ағамызға зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылығына шабыт тілеп, келешекте де жаңа туындыларымен тыңдармандарын қуанта береді деген сенімім мол.

Қазақстан композиторлар одағының мүшесі,
Қазақ ұлттық өнер университеті композиция кафедрасының меңгерушісі,
ҚР «Мәдениет қайраткері» С.Қ.Әбдінұров

Б $\frac{4905000000}{00(05)-09}$

ISBN 9965-881-21-9
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ б/и
© Бекпаев К., 2010

# Ақ түн

Сөзі: Дүйсембек Қанатбаевтікі

**Шалқыта, көңілді түрде** ♩= 85




ғой, кар-дай ақ пын...
Қы - ла-у-ла-ған жы-лы
кар, на - у - ы - рыз кар,
қы - зы-ғы-на қой-дым-
а - - - у
қан - - - бай - ақ


19
бір.
21
1.
Мен ке-ле-мін_ үс-ті-
rit.
a tempo
24
не ап - пақ қар - дың Ап - пақ-ап-пақ се -


27
зім - - - мен
ө - - - лең жа -
29
зып.
31

## АҚ ТҮН

Қандай ақ түн, о шіркін, қандай ақ түн.
Мен де қазір ақпын ғой, қардай ақпын...
Қылаулаған жылы қар, наурыз қар,
Қызығына қойдым - ау қанбай - ақ бір.

Қандай ақ түн, о шіркін, қандай ақ түн.
Мынау ақ түн – түні ғой маңдайы ақтың...
Ей, ақ жұлдыз, қондың да алақанға
Көңілдегі бір әсем сазды оятгың.

Қарашы енді: кеңдала, белең, жазық,
Бәрі нәзік. Жан – нәзік, денем – нәзік...
... Мен келемін үстіне аппақ қардың
Аппақ – аппақ сезіммен өлең жазып.

# Мұңаймашы

Сөзі: Тұманбай Молдагалиевтікі




8
жаңбыр боп, ша - яр е-дім құ-дір - е - тім жет-се е - гер.
11
Ша - яр е - дім құ - дір-е - тім, құ - дір - е - тім жет - се е - гер.
13


15
1.
15
1.
p

## МҰҢАЙМАШЫ

Мұңаймашы, жапырағыңды төксе жел,
Мұңайғанды мұнар бұлттар өкшелер.
Тозаң басса жүрегіңді жаңбыр боп,
Шаяр едім құдіретім жетсе егер.

Мұңаймашы, көңіліңде күн шыксын,
Сен күліп жүр, мейлі тағдыр қырсықсын.
Бар мұңыңды маған берші, қымбаттым,
Шылымымның түтініне тұншықсын.

Мұңаймашы, өз қасыңа күнде кеп,
Жақсылықтан жеткізейін бір дерек.
Бар мұңыңды маған – ақ бер, әншіге
Ақылды өмір сүру үшін мұң керек.

# Балам менің

Сөзі: Зайда Елғондинованікі




11
жер ба-сып, сә-би жү-рек, сә-би жү-рек, сә-би жү - рек жа-бы-ғар ма,
Pno.
14
сыз-дар ма?
Pno.
17
Pno.



Ә - кең бар - да ай - бар - лы да
кө - рік - ті, се - ні сүй - ген, се - ні сүй - ген се - ні сүй - ген, өзін сүй - ген
әз а - нан
Pno.
mf
f
1.

## БАЛАМ МЕНІҢ

Балам менің, бой алдырма ызғарға,
Жабырқамай, жабықпай өс біз барда.
Әке – шешең қатар жүрсе жер басып,
Сәби жүрек жабығар ма, сыздар ма?

Әке – қайрат, ана – қуат, күш десек,
Алақаны оның мамық құс төсек,
Мен әкемді жоғалтқанмын, қарағым,
Ол айналған топыраққа үш кесек...

Әке деген таусылмайтын ғажап ән,
Сол құтқарар жалғандықтан, жазадан.
Әкең барда айбарлы да көрікті.
Сені сүйген, өзің сүйген әз анаң.

# Самал боп, сағынышым, кел, кел маған

Сөзі: Қанипа Бұғыбаеванікі




бер - ші шер - тіп, шер - те ал - ма - ған.
Мен се - нің көз ти - ср деп ар - қан - дал -
ған, ноқ - та - пы бо - таң бол дым, көр - кем да -


22
лам,
А — а — а —
25
нок — та — лы бо — таң бол — дым, көр —
28
1.
кем да — лам.



# САМАЛ БОП, САҒЫНЫШЫМ, КЕЛ, КЕЛ МАҒАН

Самал боп, сағынышым, кел, кел маған,
Бір күйді берші шертіп, шерте алмаған.
Мен сенің көз тиер деп арқандалған,
Ноқталы ботаң болдым, көркем далам.

А, а, а, а...
Ноқталы ботаң болдым, көркем далам.

Бар ма екен өз алдыңда аздап кінәм,
Кінәмді тазалайын, қозғап бір ән.
Жылына мен өзіңді бір көрмесем,
Ішімнен үн шығармай боздап тұрам.

А, а, а, а...
Ішімнен үн шығармай боздап тұрам.

Тынамын, тынамын ғой, ойлап бәрін,
Құлайды тау басынан жайлап таңым.
Сол таңға жуынып бір жас баладай,
Келеді еркелегім, ойнақтағым.

А, а, а, а...
Келеді еркелегім, ойнақтағым.

## Мазмұны

1.Ақ түн . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 3

2. Мұңаймашы . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 8

3. Балам менің . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 12

4. Самал боп, сағынышым, кел, кел маған . . . . . . . . . . . . . 16

Музыкалық редактор және өңдеуші
**Владимир ШЕВЧЕНКО**

0000001581852

12.10.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84/8.
Көлемі 3,0 баспа табақ
Таралымы 100 дана. 948-тапсырма.
ЖК "Нғмет" Астана қ.

